



Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

● ЖЕТИСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ИССАПАРЫ



Суретті түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

ФЕСТИВАЛЬ

«Жоңғар-Алатау»  
ШАҚЫРАДЫ

Жетісу Алатауының баурайында, «Жоңғар-Алатау» ұлттық табиғи паркі аумағында сіздерді сирек кездесетін ғажайып көрініс – барлық алманың арғы тегі саналатын Сиверс алма ағашының гүлдеуі күтеді. Тау бөктері нәзік аққызылт түске боялып, ерекше ертегідей таңғажайып тамашаға бөленеді.

Фестиваль бағдарламасында:

- \* Гүлдеген бақтардың панорамалық көріністері;
- \* Plein air форматындағы суретшілер байқауы;
- \* Мәдени іс-шаралар, хедлайнерлердің өнер көрсетуі және жаркын концерттік бағдарлама;
- \* Ұлттық спорттық ойындар;
- \* Колөнер көрмелері мен шеберлік сабақтары.

Бұл – шабыт алып, әсем фотосуреттер түсіріп, ұмытылмас әсерге бөленуге арналған тамаша мүмкіндік.

Аталған шара еліміздің мәдени іс-шаралар күнтізбесіне енгізілген. Бұл оның маңыздылығы мен туристік тартымдылығын айқындай түседі.

Табиғаттың үлесімін сезініп, Жетісудың бірегей мұрасын бірге ашайық!

Өтетін орны: Сарқан ауданы, Тополевка ауылы.  
Күні: 2026 жыл 2 мамыр.

«ҚОЙТАС» ЭКО-САЯБАҚҚА  
АЙНАЛАДЫ

Саялы Сарқан ауданына жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Бейбіт ИСАБАЕВ өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстармен танысып, бірқатар нысанды аралады. Сонымен қатар, жергілікті тұрғындармен кездесіп, толғандырған мәселелерін тыңдады.

Айдар ҚАЛИЕВ

Бейбіт Өксікбайұлы алдымен ат басын табиғи ландшафты сақтай отырып салынған «Қойтас» саябағына бұрып, 2022 жылы пайдалануға берілген парктің абаттандыру, көркейту бойынша атқарылған жұмыстарымен танысты.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Жетісу облысында 3 эко-саябақ құру жұмыстары басталды. Соның бірі – Сарқан қаласындағы «Қойтас» саябағы. Аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев оны кеңейту, абаттандыру жобаларымен таныстырды.

Аудан басшысының айтуынша, жалпы аумағы 6 гектарды құрайтын парктің инфрақұрылымы былтыр айтарлықтай кеңейтілген. Атап айтсақ, эко-саябақ аумағында 850 метр жаяу жүргіншілер жолы, орындықтар, жарық шамдары, балалар ойын алаңы, субұрқак және қоқыс жәшіктері орнатылды. Түрлі мәдени-бұқаралық, мерекелік іс-шара өткізуге арналған, 400 адам сиятын амфитеатр, 11 мүсін мен кіші архитектуралық кескіндер, заманауи дәретхана салынды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау камералары да қойылған. Бұған дейін эко-парк аумағына «Денсаулық» жағажайы, яғни жалпы ұзындығы 1 шақырымға жуық серуен

жолы жасалып, 3 теннистік корд, 2 шахмат столы, футбол, скейтборд, воркаут алаңдары салынған еді. Атқарылған жұмыстарды көрген облыс әкімі:

– Бұл табиғи ландшафты сақталған экологиялық саябақ және табиғаттың сыйы өзінің бастапқы күйінде қалуы қажет. Сондықтан әр шаршы метрді тиімді пайдаланып, тек табиғи материалдарды ағаш, тас, топырақты қолдану керек. Сізге эко-паркті дамытудың стратегиялық жоспарын дайындауды және бізге қарауға ұсынуды тапсырамын. Жұмыстың жалпы аяқталуы 2027 жылға жоспарлануы керек. Тұтастай алғанда, бұл саябақ тұрғындардың бірегей демалыс орнына айналады. Болашақта жергілікті тұрғындар ғана емес, елдің басқа аймақтарынан да меймандар ағылып келеді, – деді аймақ басшысы.

(Соңы 3-бетте)

ГАЗЕТКЕ CASPI QR АРҚЫЛЫ  
ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ

Құрметті оқырман!

Аймақтың тыныс-тіршілігі мен әлеуметтің әлеуетінен хабардар болып, сан саланы қамтыған мемлекеттік бағдарламалар жайлы білгіңіз келсе, қоғамды ғана емес, өзіңізді толғандырған сауалдарға жауап іздегеніз, өнер өрісі мен әдебиет әлеміне қызықсаңыз, тамыры терең тарихымыздан нәр алуды ойласаңыз облысымыздың төл басылымы, қазақ баспасөзінің атасы «Jetisy» газетіне жазылыңыз. Ол үшін «Қазпошта» АҚ арқылы немесе газет редакциясынан жазылып, қолдау көрсетіңіз.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласа аласыз:  
8 (7282) 40-20-69, 8 7753558958, 8 7474106909.



Суретті түсірген Санат БЕКТҮРҒАН


ЕҢСЕСІ БИІК ЕҢБЕККЕР

«Егіні бітік шыққанның қырманына қыдыр қонады» дейді дана халқымыз. Берекені маңдай термен терген жанның тірлігі қашанда құтты. Соның айғағы – бүгін қамбасы қызылшаға толған Бірлік Тұрсынұлының еңбегі.

Санжар СУЛТАНҒАЗЫ

шылық төзім мен табандылықты талап ететін сала. Оның қарауындағы 78 гектар алқапта

қызылшамен қатар жоңышқа, жүгері дақылдары өсіріледі. Өткен жылы 10 гектар қызылшадан 300 тоннадан астам өнім жинаса, биылғы жоспары 500 тонна.



QR кодты сканерлеп, бейнекөріністі тамашалаңыз!

Тыңайтқыш ретінде селитра мен корда қолданылып, әрбір түпке ұқыпты күтім жасалады.

Бірлік Ансамбаев қылықты қыз, ұлықты ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке. Тіршіліктің ауыр жүгін арқалаған азаматтың отбасы да еңбекпен өрілген. Жары қалалық балалар ауруханасында қызмет етеді.

Жер-Ананың қасиетін ұққан жанның ырысы да мол, еңсесі де биік. Сол биік еңсесі ешқашан төмен түспесін деп тіледік.

Талдықорған қаласы



Достық – экономикалық мүмкіндіктер алаңы

Дастанбек САДЫҚ

Әлемнің сауда саясаты жаңа серпін алды. «Текеметтің түріндей күнде түрленген» жаһандық геосаяси ахуал өз салдарын тигізуде. Дейтұрғанмен, Қазақстан тап қазір әлемдік сауда транзитінің бел ортасында. Еліміз өз рөлін әлдеқашан айқындап алды. Шыны керек, берілген мүмкіндікті орайына сай пайдалану да қажет. Мемлекет басшысы ел үкіметіне әлемдегі тоғызыншы территорияны еншілеген ұлан-ғайыр ел аумағында тауарды кедергісіз тасымалдау жүйесін қалыптастыруды тапсырғанды. Сол жүйелі тапсырманың өзегінде жүк тасымалдауға арналған шекара маңындағы қызмет сапасын жақсарту міндеті тұрды. Нәтижесінде былтыр бірқатар өткізу бекеті уақыт талабына сай жаңғыртылды. Кеден саласын цифрландыру да күн тәртібінен түспеді. Сандық технологияның көмегімен айтулы сала үлкен үдеріске қол жеткізді. Жетісу өңірінде тұтынушысы көп Еуропа мен өндірісті ел Қытай арасындағы ХХІ ғасырдың керуені өтетін «Достық» шекаралық аймағы бар. Өңірдің өз алдына облыс болып құрылып, шаңырағын тіктеген 4 жылдың ішінде шекаралық аймақ экономикалық мүмкіндіктер алаңына айналды.

(Соңы 2-бетте)



### ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!



## ҚОҒАМ ҚАУІПСІЗДІГІ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Талдықорған қаласындағы Жастарға қызмет көрсету орталығында жас белсенділер мен құқық қорғау органдары өкілдерінің кездесуі өтті. «Legal Talk: ашық микрофон» форматында ұйымдастырылған бұл жиын еркін пікір алмасуға құрылған маңызды алаңға айналды. Іс-шараға облыс әкімінің орынбасары Марлен КӨЛБАЕВ қатысып, жастармен ашық диалог жүргізді.

Медет ЖҰМАБАЙ

Құқықтық мәдениеті жоғары, саналы әрі белсенді жас буын ғана әділетті қоғамның тірегіне айналады. Осы тұрғыдан алғанда форум жастар мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы байланысты нығайтып, құқықтық сауаттылықты бастамалардың бірі.

Кездесудің басты ерекшелігі, ашық микрофон форматында өтуі. Қатысушылар өз ойларын еркін жеткізіп, көкейдегі сұрақтарын қойып, мамандардан нақты әрі түсінікті жауап алды. Жиын барысында қоғамдық қауіпсіздік, жастардың құқықтары мен міндеттері, интернет кеңістігіндегі қауіп-қатерлер кеңінен талқыланды. Ұйым-

дастырушылардың пікірінше, жастар үшін мұндай кездесулерде ең маңыздысы жігерлендіру мен бағыт-бағдар беру. Форумға колледж және жоғары оқу орындарының студенттері, ауыл жастары мен еңбек ететін жастарды қоса алғанда жүз елуге жуық адам қатысты.

Жетісу жастары мекемесінің басшысы Шәміл Ванкеев мұндай шаралардың маңызын атап өтіп, бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасып келе жатқанын жеткізді. Ол жуырда ел өмірінде маңызды оқиға болғанын тілге тиек етіп, конституцияның жаңа редакциясында заң мен тәртіп қағидатына ерекше мән берілгенін айтты. Спикердің сөзінше, жас ұрпаққа азаматтық құқық пен міндетті түсіндіру басты қағиданың бірі болып қала береді.

Облыс прокуроры Бауыржан Жұмақанов, облыстық полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Сарқытбай Құсайынов, экономикалық тергеп-тексеру департаменті басшысының орынбасары Мирас Құрбанов, әділет департаментінің басшысы Жандос Бексұлтан өз ойларын ортаға салды. Кездесу қорытындысында облыс әкімінің орынбасары Марлен Көлбаев құқықтық мәдениетті қалыптастырудың өзекті бағыттарына тоқталды.

– Қазіргі жас буын жан-жақты дамуға ұмтылуы тиіс. Олар білімді болып, бірнеше тілді меңгеріп, сонымен қатар, тәндік даярлықты да назардан тыс қалдырмауы қажет. Бүгінде жоғары сынып оқушыларының құқық қорғау саласына қызығушылығы артып келе жатқаны байқалады. Олардың бір бөлігі жас сақшы сыныптарында білім алып, болашақ мамандыққа қадам жасауда, – дейді полиция департаментінің бастығы, генерал-майор Сарқытбай Құсайынов.

Аталған форум тек пікір алмасу алаңы ғана емес, жауапкершілігі жоғары, саналы қоғам құру жолындағы нақты қадам ретінде бағаланды.

## ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Чернобыль атом электр стансысындағы апаттың 40 жылдығы қарсаңында Талдықорған қаласында адамзат тарихындағы осы қайғылы оқиғаға арналған іс-шара өтті.

Облыс орталығындағы Жеңіс саябағында орналасқан Семей ядролық полигоны мен Чернобыль АЭС апаты құрбандарына арналған ескерткіш митинг өтетін негізгі орынға айналды. Бұл жерге қала, аудандардан келген техногендік апаттың зардаптарын жоюға қатысқан ардагерлер жиналды. 1986-1989 жылдары Украинаға жіберілген Талдықорған облысынан шыққан 1200 әскери қызметші мен әскери міндеттілердің бүгінгі таңда шамамен 200-ге жуығы қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Олардың көпшілігі радиация салдарынан туындаған сәуле ауруы мен өзге де дерттерден қайтыс болған жолдастарын еске алу үшін Талдықорғанға арнайы келді.

Митинг барысында облыс әкімінің орынбасары Диас Есдулетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келемсейіт, «Қазақстан Чернобыль ардагерлері» ұйымы орталық кеңесінің төрағасы Құсайын Мұстафа сөз сөйледі. Олар өз баяндамаларында Жетісу өңірінен аттанған азаматтар апат салдарын жоюдағы және Чернобыль атом электр стансының зақымданған төртінші энергоблогын оқшаулаудағы маңызды рөлін атап өтіп, тарихи жадыны сақтаудың маңыздылығын ерекше айтты.

Гүл шоқтарын қою рәсімінен кейін көпшілік Тіл сарайында Чернобыль АЭС апатының 40 жылдығына арналған облыстық конференцияға қатысты. Конференцияны облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Бауыржан Әбубеков жүргізді. Жиын барысында ардагерлер естеліктерімен бөлісіп, сол күндердің ауыр сәттерін еске алды. Олар адам өмірі мен табиғат қауіпсіздігі бәрінен қымбат екенін жеткізіп, жас ұрпақты елін сүйуге, жауапкершілікке және батылдыққа тәрбиелеудің маңызын атап өтті. Чернобыль апаты адамзатқа ғылым мен техниканы пайдалану кезінде қауіпсіздік пен жауапкершіліктің қаншалықты қажет екенін көрсетті. Бұл қайғылы оқиға тек сол кезеңдегі Кеңес одағы елдеріне ғана емес, бүкіл әлемге қауіп төндіргені айтылды.

Қатысушылар апат пен оның салдары туралы деректі фильм көрді. Пікір алмасудан кейін бірқатар азамат Алғыс хатпен, Құрмет грамотамен, мерейтойлық төсбелгі және медальмен марапатталды.

Чернобыль ардагерлерінің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Олардың жанқиярлығы, табандылығы мен Отан алдындағы адалдығы ел есінде мәңгі сақталады.

Айдана АМАНЖОЛҚЫЗЫ



Суретті түсірген Қанат МАҚАНҰЛЫ

# ДОСТЫҚ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕР АЛАҢЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінде Еуропа мен Азияның арасында жүк тасымалдайтын ХХІ ғасырдың маңызды керуен өткеліне айналған Достықтың негізі өткен ғасырдың 60 жылдары қаланған. Алатау және Барлық жоталарының ортасында, дәл Жоңғар қапқасында орналасқан елді мекен Алакөл ауданының орталығы Үшарал қаласынан 160 шақырымда орналасқан. Бұл – Қазақстан мен Қытай шекарасындағы маңызды теміржол станциясы. Дәл осы орналасуы шағын елді мекеннің әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайды. «Достық» кеден бекеті – Қытайдағы Алашанькоу станциясымен бірлесіп жұмыс істейтін негізгі өткізу пункті. Соңғы жылдары шекарадағы халықаралық стансының дамуы мақсатында жүк ағыны мен транзитті ұлғайту, өткізу пункттерін жаңғырту бойынша нақты шаралар қабылданды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен былтыр Достық – Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдың құрылысы аяқталды. Нәтижесінде Достық – Мойынты учаскесінің өткізу қабілеті 5 есеге, тәулігіне 12-ден 60 жүп пойызға дейін артты. Ал жүк айналымы жылына 30 млн. тоннаға дейін жетті. Стансыдағы «Алакөл» бекеті ауқымды жаңғыртудан соң өткізу қабілетін едәуір арттырып, қозғалыс жолақтарының саны 2-ден 6-ға дейін артты. Нәтижесінде бекеттің өткізу қабілеті тәулігіне 4 есеге дейін ұлғайып, 200 көліктен 800 көлікке дейін өткізу мүмкіндігі туды. Сонымен қатар, бұл жерде фитосанитарлық, санитарлық және ветеринарлық бақылау қызметтері жұмыс істейді, ал шекаралық бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті құзырында.



Суретті түсірген Қанат МАҚАНҰЛЫ

Жетісу облыстық мемлекеттік кірістер департаментінің «Алакөл» кеден бекеті басшысының орынбасары Жандос Көпбаевтың айтуынша, бекет күніге 12 сағат жұмыс істейді. Тәулігіне 800 автокөлікпен қатар 2000 жолаушы өткізу мүмкіндігі бар. «Алашанькоу» мен «Алакөл» кеден бекеттері арасында 4 автобус әрі-бері қатынап, жолаушы тасымалдайды. Оның 2-еуі қазақстандық, 2-еуі Қытай тарапынкі. Ал паспорттық бақылау пунктінде жайлылық пен қолайлылық байқалады. Қоңсы елден келген автобустан түскен жолаушылар бекеттен алаңсыз өтуде. Олардың қатарында Шәкен Рысқұл да бар. Айтуынша, шекарадан өту үдерісі әбден оңтайландырылған.

– Бірнеше күн бұрын елдегі ағайындарға барып келмеке «Қорғас» арқылы өткенмін. Енді «Алакөл» бекетінен өтіп келемін. Былтыр да солай өткенмін. Шекарадағы қолайлылық екі ортада алаңсыз жүруге мүмкіндік береді. Қытай тарапы жаман деп айта алмаймын. Бірақ, біздің кеден қызметкерлері сыйайы. Балалармен және үлкен кісілерді кезексіз өткізеді. Сонымен қатар, әрдайым көмектеседі: ауыр сөмкені көтересіңді, балаларға қолдау көрсетеді. Сканерден өткенде де алдын ала ескертін, бәрін түсіндіреді. Осындай мәдени қызмет көрсетуі көңілге медет, – дейді жолаушы.

Шәкен Рысқұлдың айтуынша, цифрландырудың арқасында жаңа сканерлер орнатылып, тексеру уақыты айтарлықтай қысқарған. Бұрын бұл үдеріс екі сағаттан асса, қазір 10-15 минутта аяқталады. Цифрландырудың оң нәтиже беріп жатқанын кеден бекеті мамандары да алға тартып отыр. «Алакөл» кеден бекетінің бас маманы Дамир Абраловтың айтуынша, көлік өткізу әлеуеті 2 есе артқан.

– Бұрын инспекциялық тексеру кешенінен сағатына 20 автокөлік өтетін болса, қазір жаңа технологияның арқасында өткізу қабілеті екі есеге артып, өткізу уақыты қысқарды. Ескі тексеру кешенінде кеден бекетінен өту үшін жүргізушілер көліктен түсуге міндетті еді. Қазір көліктен түспейді. Бұрын көлікті сканерлеуге 3-4 минут уақыт кететін. Сол уақытта сағатына бар-жоғы 18-20 көлік өткізетінбіз. Қазір жағдай мүлдем өзгерді. Көлік өткізу 2 есеге ұлғайды. Тағы бір оңтайлы жәйт, алдағы уақытта жасанды интеллект негізіндегі NусMind бағдарламасын енгізуді жоспарлап отырмыз. Бұл декларацияланбаған жүктерді анықтауды

жеделдетеді. Қазір барлық көлік екі бағытта толық сканерленіп, құжаттағы жүк пен нақты жүк салыстырылады. Ереже бұзылуы анықталса, жедел шаралар қабылданады, – дейді.

Дамир Абраловтың айтқанындай, көлік сканерден өткен соң бейнелер кеден бекетінің жедел басқару орталығындағы мониторға шығарылады. Мұндағы мамандар елге кіргізілетін және шығарылатын барлық жүкті мүқият тексереді. Экраннан жүктің үлкен-кішілігіне қарамай анық көрінеді екен. Бұрын көліктердің бекеттен өтуі үшін ұзын сонар кезегі қалыптасатын. «Алакөл» кеден бекеті басшысының орынбасары Жандос Көпбаевтың айтуынша, ондай мәселе келмеске кеткен. Себебі, «CarGoRuqsat» электронды кезек жүйесі енгізіліп, бірыңғай цифрлық орта қалыптасқан. Бұл жүйе ашықтықты қамтамасыз етіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін толықтай жоюды. Айтпақшы, Жандос Көпбаев өткен жылы «Алакөл» кеден бекеті еліміздегі «Ең үздік бекет» деп танылғанын алға тартты.

Шекаралық аймақта көлік-логистикалық орталықтарды дамыту мәселелері де назардан тыс қалмаған. Бұл маңда бұл мезетте 2 мыңнан аса көлік қабылдай алатын «А» санатындағы «Dostyk Auto Hub» ЖШС-ның сервис кешені жұмыс істеп тұр. Бұл кешен 20 гектар аумақта орналасқан. Сонымен қатар, 132 бөлмелі, 260 орынды қонақүй кешені жұмыс істейді. Мұнда логистика

тиімділігін арттыратын және тасымалдау үдерісін қатысушылар үшін жағдайды жақсартатын заманауи инфрақұрылым бар. Серіктестіктің атқарушы директоры Нұрсат Дәулеттің айтуынша, мұнда 30-дан астам адам вахталық әдіспен жұмыс істейді. Қызметкерлерге жол, тамақ және жатын орын тегін беріледі. Жалақы тұрақты төленеді. Алдағы уақытта тағы да 30 жұмыс орны ашылады. Айтпақшы, кешен қызметкерлерінің бәрі «Достық» стансына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындары.

– «Dostyk Auto Hub» – халықаралық тасымалдардың тиімділігін арттыру және жүргізушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шекарада құрылған заманауи логистикалық хаб. Бұған шамамен 700 млн. теңге инвестиция салынды. Оның құрамына заманауи қонақүй, тамақтану орны, шағын супермаркет және «CarGoRuqsat» электронды кезек үшін тегін жинақтау алаңы кіреді. Бұл көлік қозғалысын реттеуге, кіреберіс жолдарға түсетін жүктемелі азайтуға және шекарадағы кезек күту уақытын қысқартуға мүмкіндік береді, – дейді Нұрсат Дәулет.

Қытайдан көлігіне жүк артуды мақсат еткен әзербайжандық Имран Кокларов сервис кешенінің жұмысына оң бағасын беріп отыр. Айтуынша, біршама елді аралаған жүргізуші шекара маңындағы жұмысты үйлестіруде Қазақстанның алға озып тұрғанын алға тартты.

– «Алакөл» кеден бекетіне келмес бұрын өзге жүргізушілерден жәен сұрадым. Олар да бұл маңнан екі-үш жыл бұрын өтіпті әрі біршама уақыт жоғалтқан екен. Қазір мұндағы үдерісті көз көрді. Өзге елдермен салыстырмалы тұрғыда бұл бекеттегі жағдай көңіл қуантады. «Dostyk Auto Hub» кешеніне ризашылығымды білдіремін. Қазақ халқы қай кезде де қонақжай. Кешен қызметкерлері электрондық кезекке тұруға жәрдемдесті. Бастысы, «Достыққа» тәртіп барына көз жетті, – дейді Имран Кокларов.

Шекара аймағындағы әлеуетті нысандардың бірі – «Digital Silk Road Company» ЖШС-ның уақытша сақтау қоймасы. Бұл кәсіпорын 2023 жылы құрылған және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті құрамына кіреді. Мұнда кросс-докнинг қоймасы, кеңселер, уақытша сақтау қоймалары және автотұрақ орналасқан. Қойманың тәуліктік өткізу мүмкіндігі 200-250 жүк көлігі, жүк айналымы 250 тонна. Жылдық әлеуеті 1,2 миллион тоннадан асады. Мұндағы барлық үдеріс цифрландырылған, көліктер QR код арқылы тіркеледі. Жалпы, «Digital Silk Road Company» – жаңа буынның сервистік компаниясы. Ол заманауи цифрлық логистикалық инфрақұрылымды қалыптастырып, Қазақстанның негізгі транзиттік бағыттарындағы өткізу қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Шекара аймағындағы инфрақұрылымның дамуы, цифрландыру мен жасанды интеллекттің енгізілуі нәтижесінде ашықтық артып, көлік ағындары тиімді басқарылууда. Осындай еткенді үдерістері кейін тауар жеткізу жылдамдығы артып, оның бағасына да оң әсерін тигізуде.

Алакөл ауданы



# «ҚОЙТАС» ЭКО-САЯБАҚҚА АЙНАЛАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қала әкімі Амантай Орынбековтың айтуынша, саябақ аумағын ұлғайту, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

– Бұрын саябақ аумағы бос жатқан жер болды. Біз 6 гектар жерді мемлекет меншігіне алып, кезең-кезеңімен аумағын кеңейтіп, үлкен саябақ жасадық. Биыл экопарк жасау үшін жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осыған орай ауданын 20 гектарға дейін ұлғайтуды көздеп отырмыз. Қазіргі уақытта жо-

баның сызбасы әзірленуде. Бүгінде мұнда жағалау бойына қайықпен серуендеу және халыққа су жағасында таза ауамен демалу аймағы салынуда. Жоба мамыр айында толық аяқталады. Сонымен қатар, демалушылар жылдың барлық мезгілінде тюбингпен сырғанау орнын салуды көздеп отыр. Біз бос жатқан жерді дұрыс пайдаланып, құрылысқа тек экологиялық заттарды қолданамыз, – деді қала әкімі.

Эко-саябақ ішіне Ту тұғыры орнатылып, шахмат ойнау аралы, ғашықтарға арналған қайындар ме-

кені, этноауыл, су бұрқак, жасанды сырғанақ салынып, жаяу жүргіншілер жолын Молалы көпіріне дейін ұзартылу жоспарлануда. Саябақ аумағына қолжетімділікті арттыру мақсатында қосымша жаяу жүргіншілер көпірі орнатылмақ.

Бұл жобалар табиғи ландшафтты сақтай отырып, тұрғындардың демалыс сапасын арттыруға бағытталған. Жетісу өңірінің табиғи сұлулығын тамашалауға келген туристер үшін эко-саябақ ерекше тартымды орын болмақ.

Осыдан кейін Бейбіт Исабаев «Балқаш Тазалық» кәсіпорнының материалдық-техникалық базасымен танысты. Балқаш көлін тазарту мәселесін шешу мақсатында құрылған «Балқаш Тазалық» кәсіпорны Мемлекет басшысының туристік аймақтарда тәртіп орнату қажеттілігі туралы тапсырмасын іске асыру аясында жүргізілуде.

Кәсіпорын директоры Думан Нүкербаев мекеменің қызметі мен материалдық-техникалық базасы туралы айтып берді. Бүгінгі таңда ШЖҚ «Балқаш Тазалық» МКК-да 36 жұмыс орны құрылса, оны күтіп-ұстауға жалпы 201,5 млн. теңге бөлінген. Аспалы жабдықтары бар тракторлар, фронтальды-шағын тиегіштер, манипулятор, «КамАЗ», аралас жол машинасы, коқыс таситын көліктер, вакуумдық автоцистерна, суару көлігі, «Газель» жүк-жолаушылар көлігі, көпфункционалды экскаватор, тіркеме, қайық, жағажай тазалау машинасы, пикап және екі бензин трициклін қоса алғанда 22 дана мамандандырылған техника сатып алынды.

– Біздің ұйым жазғы маусымда Балқаш көлінің жағалауын күтіп ұстауды қамтамасыз етеді. Атап айтсақ, жағажайларды тазалап, қалдықтарды шығарып, санитарлық тораптар мен көшелерді жасайтындырып, жолдар мен тротуарларды тазалайды. Сондай-ақ, аумақтарды көгалдандырумен айналысады. Қалған уақытта кәсіпорын ауданды абаттандыру, жолдарды санитарлық тазалау және қысқы күтіп ұстау бойынша жұмыс атқаруда, – деді ол.

Сапар барысында аймақ басшысы туристік маусымда Балқаш жағалауындағы санитарлық жағдай мен абаттандыруды қамтамасыз етудің маңыздылығын ерекше атап өтті.

– Балқаш көлінің туристік әлеуеті мол. Біз көлге апаратын жолды жаңарттық, жағалауға тиісті инженерлік инфрақұрылымдарды тарттық, Лепсі ауылында қажетті әлеуметтік нысандар салдық, жағалаудың санитарлық тазалығын сақтауға жауапты мекеме құрып бердік, техникасы түгелделді. Қысқаша айтқанда, көл жағалауын дамытуға барлық жағдайды жасап жатырмыз. Ендігі жерде сіздерден сапалы, жүйелі жұмыс қатаң талап етіледі. Туризмді дамыту – ауданның басым бағыттарының бірі болуы тиіс, – деді Бейбіт Исабаев.

Еске салсақ, облыста «Алакөл Тазалық» және «Балқаш Тазалық» жаңа коммуналдық мекемелері өткен жылдың соңында құрылған. Олар Алакөл және Балқаш көлдерінің жағалауы аймағын күтіп ұстауға жауап береді.

Келесі кезекте тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, халықпен кездесу жиынын өткізді. Басқосуда сөз алған Бейбіт Өксікбайұлы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жобалар туралы таныстырды.

Өз кезегінде аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев өңірдегі атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

– Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығында өнім көлемі 67,5 млрд. теңгені құрады. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 102,3%-ға өсті. Өнеркәсіпте 16,4 млрд. теңгенің өнімі өндірілді. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуда ауданда 3 мыңнан астам бизнес субъектілері бар. Онда 6 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Жергілікті бюджетке түскен салық, құрылыс жұмыстарының көлемі де артты. Әсіресе, тұрғын үй құрылысы 136,8%-ға артық орындалды. Соңғы үш жылда 232 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. Былтыр Сарқан қаласында 120 пәтерлі тұрғын үй кезекте тұрған аудан тұрғындарына берілсе, әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 62 баспана сатып алынды. Сарқан қаласының Тәуелсіздік көшесінің бойында әлеуметтік осал топтағы азаматтарға арналған 60 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде, – дей келе әр салада атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы жоспарды баяндады.

Аудан әкімінің айтуынша, биыл ауыл шаруашылығы өнімінің көлемін 69,4 млрд. теңгеге жеткізу жоспарлануда. Бүгінде егіс алқаптары 98,2 мың гектарды құрайды. Ауыспалы егістік әдісін қолдану мақсатында дәнді дақылдар молынан себіліп, 52,6 мың гектарға жеткізіледі. Осы межеге жету үшін «Кең дала-2», «Агробизнес» бағдарламалар арқылы 46 шаруашылық несие алған. Көктемгі дала жұмыстарына қатысатын техникалар толық жөндеуден өтіп, алдағы уақытта 90 техника сатып алу жоспарлануда. Мал басын асылдандырумен өңірде 26 шаруа қожалығы айналысады. Биыл қолда бар асыл тұқымды мал басы 10 мыңға артық болмақ.

Ауызсу мәселесін шешу мақсатында былтыр Сарқан қаласының жоғарғы бас су торабына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Аудандағы 36 елді мекеннің 28-і орталықтандырылған ауызсумен қамтылған, 6 елді мекенге ауызсу тасымалданып берілсе, 2 елді мекен орталықтандырылмаған. Күрделі болып табылатын Алмалы, Екіаша және Қойлық ауылдарындағы ауызсу жүйелерін қайта жаңғырту мәселесін шешу мақсатында 2024 жылы

тиісті жобалар әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынып, аталған жобалар бойынша нақты шаралар жүзеге асады.

Көп тілегі – көгілдір отын. Осыған орай ауданды газбен қамтамасыз ету 2 кезең бойынша жүзеге асырылмақ. Аталған жобалар әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілді. Құрылыс жұмыстары 2026-2027 жылдары жүргізіліп, аудан аумағындағы 19 елді мекеннің 30 мыңнан астам тұрғыны көгілдір отынға қол жеткізеді деп көзделуде.

Сарқан ауданында кең қанат жайып келе жатқан саланың бірі – туризм. Бұл жөнінде Ғалымжан Қанатұлы:

– Саланы дамыту мақсатында облыс әкімінің тапсырмасымен бірқатар жоба жүзеге асырылуда. Атап айтсақ, Балқаш көлінің жағалауында ешқандай болмаған су электр жүйесі, жол, кәріз жүйесінің құрылысы жүргізілуде. Шомылу маусымы басталғанға дейін жалпы аумағы 29,3 гектарды құрайтын 3 коммуналдық жағажайдың құрылысы аяқталады. Нәтижесінде орта есеппен Балқаш көліне келетін демалушылардың саны жазғы маусымда 50 мың деп есептесек, осы инфрақұрылым жұмыстары аяқталған соң демалушылар саны 500-600 мыңға жуық өседі деп күтілуде. Сонымен қатар, көл жағалауындағы коммерциялық мақсаттағы жер учаскелерін конкурс арқылы инвесторларға беру жұмыстары басталды. Тау туризмін дамыту мақсатында «Жасыл көл» туристік жолына ағымдағы жөндеу, «Ағыны қатты» өзені арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысы жоспарлануда. Сондай-ақ, «Кіші Басқан» өзені арқылы өтетін көпірдің жобасы әзірленуде, – деді.

Кездесу соңында тұрғындар көкейде жүрген сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды. Атап айтсақ, аудан тұрғыны Талғат Оралханов 1500 халқы бар Қарабөдет ауылындағы 1960 жылдары салынған аурухананың тозығы жеткенін айтып, жаңа аурухана салып беруін сұрады. Облыс әкімі бұл мәселенің келесі жылдан қалмай шешілетінін айтып, орынбасарлары мен аудан әкіміне нақты тапсырма жүктенді. Алмалы ауылының тұрғыны Әлия Есімжанова 1972 жылы салынған орта мектепке 2009 жылы күрделі жөндеу жұмысы жүргізілсе де ескіргенін, 640 балаға салынған білім ордасында 750 бала оқитынын жеткізді. Бұл мәселе алдағы жылы шешілетін болды.

Жиын соңында Бейбіт Өксікбайұлы аудан әкіміне инвесторларды тарта отырып, тауарлы-сүт фермаларын, балық өсіруді, мал және балық өнімдерін терең өндеуді қолға алу, аймақтағы жүргізіп жатқан құрылыс жұмыстарының сапалы әрі уақытылы орындалуын қамтамасыз ету сияқты нақты тапсырмалар жүктенді.

Сарқан ауданы



Суреттерді түсірген Дмитрий ЕРОФЕЕВ

Көгімде еркін шалқыған,  
Ей, көгілдір қаршығам.  
Қанатыңнан айналдым,  
Көк жалындай шарығам.  
Көк қаршығам – ғұмырым,  
Сонда алтын тұғырың.  
Тұғырыңа қон-дағы,  
Ғашық етші қыр ұлын...

Бұл жыр жолдары ғана емес, бір жүректің екінші жүрекке мәңгілікке байланған сәті. Ақынның «Көк қаршығам – ғұмырым» деуі – әсірелеу емес, өмірдің өзінен туған, тағдырмен бекіген шындық. Өйткені кейде адам өз ғұмырын басқа бір жанның тынысынан табады.

«Жақсының жары» айдарының бұл жолғы кейіпкері ақын жүрегін жаулап, сезімін өлеңмен өрнектеген Жәркен Бөдештің серігі Гүлшат Нұрғазықызы.

# Ақынның қаршығасы

Сарби ӘЙТЕНОВА

Ақын бір сөзінде: «Жас келгенде жаныңда Құдай қосқан жарыңнан басқа ешкім қалмайды екен» деген екен. Сол сөздің мәні өмірімен дәлелдеген жанның бірі – Гүлшат Бөдешева.

«Қыз кезімдегі тегім Жақсылықова болатын...». Осы бірауыз сөздің өзінде қазақ әйеліне тән тұтас тағдыр жатыр. Әке шаңырағынан басталған ғұмыр жар тағдырымен жалғасып, жаңа мәнге ие болды. Бұл тектің ауысуы ғана емес, жауапкершілік пен тағдырдың тоғысуы еді.

Гүлшат Нұрғазықызының ата-анасы заманның аласапыранында Қытайға ауа көшіп, 1955 жылы елге оралған жандар. Сол жылы Тарбағатай өңіріндегі Кендірлік ауылына қоныстанып, жаңа тіршілік бастайды. Бала санасында бұл кезең көмескі қалғанымен оның болмысына өз ізін қалдырды.

– 1959 жылы отбасымызбен Алматыға қоныс аудардық. Содан бері осы қалада тұрып келемін. Үлкен шағар – өмірімнің барлық белесімен біте қайнасқан мекенге айналды. Отбасымызда жеті бала болдық. Әпкелерім – Бану мен Құлтай, одан кейін мен, менен кейін Гүлхан, Гүлжамия және Нұртай бар. Ағамыз ерте өмірден өтті.

Әкем – Нұрғазы Жақсылықов, анам – Рахат Серменқазықызы. Шешем ұзақ ауырды, елу жасында өмірден өтті. Сол кезде кіші сіңлім он алтыда, бауырым он екіде еді. Шешем қайтыс болар алдында: «Мені

Тарбағатайға апарып жерлеңдер» деп аманат айтты. Біз сол тілегін орындадық...

Әкем шешемді ерекше жақсы көрді. 1974 жылдың сәуірінде анамыздан, тамызында әкемізден айырылды. Денсаулығы мықты еді, бірақ ішкі қайғыны көтере алмады, – дейді кейіпкеріміз.

Әкесі қарапайым еңбек адамы болғанымен ерекше қайрат иесі еді. Төрт адам әрэн көтеретін ауыр цистернаны жалғыз өзі көтеретін күші ел ішінде аңыз болып айтылатын. Алматыға келген соң нан зауытында еңбек етіп, отбасын адал еңбегімен асырады. Оның еңбекқорлығы мен қайсарлығы балаларына үлгі болды.

– Біз де еңбекке ерте араластық. Әке-шешемнен айырылғанда жасым 23-те еді. Дүкенде жұмыс істедім. Мектепті орыс тілінде оқыдым. Ауылдан қалаға келгенде тіл білмеген соң қайта бірінші сыныпқа бардым. Қазақ мектебі болмады, бірақ үйде қазақша сөйлейтінбіз. Әкем соны қадағалайтын.

Сауда саласында оқығым келгенімен, мүмкіндік болмады. Содан шаштараз курсына оқып, 1973 жылдан бастап еңбек еттім. Елу жыл осы мамандықта жұмыс істеп, зейнетке шықтым, – дейді ол.

– Жәркенмен 1976 жылы таныстым, – деп жалғады әңгімесін. – Үйде бірнеше қыз тұрдық. Ауылдан оқуға келген туысқандардың қыздары болатын. Көршілер Жәркенге біздің үйде көп қыз тұратынын айтты. Ол кезде Алматыға жаңа келіп, құрылыста жұмыс істеп жүрген еді. Қыздардың үлкені мен едім. Қарапайым таныстық бірте-

бірте достыққа, одан махаббатқа ұласты. 1977 жылы шаңырақ көтердік.

Жәркеннің өмір жолы да жеңіл болған жоқ. Қытайдан келген соң кешкі мектепте оқып, кейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетін тәмамдады. Біз үйленген кезде ол әрі жұмыс істеп, әрі оқып жүрді.

Ақынға жар болу оңай емес деп жатады ғой. Бірақ біз бір-бірімізді түсіндік. Мен ешқашан оның алдына түсіп кеткен емеспін, ол да «өзім білемін» деген жоқ. Бізде сыйластық болды. Бір-бірімізге сүйеу едік. Жәркеннің достары да: «Оның жетістігінің артында Гүлшат тұр» деп айтатын. Бірақ мен оны өз міндетім деп қабылдадым.

1978 жылдың 1 сәуірінде ұлымыз Айбын дүниеге келді. Ол кезде Жәркен кітап палатасында жұмыс істеп жүрді. Ұлымыздың дүниеге келуі біз үшін үлкен қуаныш болды. Айбынға Оразақын Асқар кіндік әке, ал Ажар апай кіндік шеше болды. Кейін екінші ұлымыз Айдар өмір есігін ашты.

Осы тұста Гүлшат апа сәл үнсіз қалып, ойын жинақтап алды.

– Ақындар жаза салмайды ғой... Кейде өмірдің өзі жазғызады. Ой аяқ астынан келеді. Көлікте отырса да, бір шаруамен жүрсе де, сол ойды ішінде сақтап жүреді де, кейін қағазға түсіреді. Өлеңнің түбі –

**Р.С.**

Бұл ақынның жары ғана емес, тағдырдың талай сынынан өткен, сабыр мен төзімнің үлгісін көрсеткен жанның ғұмыр жолы. Ақын жырлаған «көгілдір қаршыға» – оның өміріндегі ең сенімді тірек болған жан.

Алматы – Талдықорған – Алматы

## АҚЫЛ САТАТЫН КОУЧТАР АҚЫЛДЫ МА?

Әлеуметтік желілерде өмірдің мәнін түсіндіріп, табысқа жетудің жолын үйрететін, бай болудың құпиясын айтып беретін «ақылды коучтар» көбейді. Олар семинар өткізіп, онлайн курстар сатып, адамдарға «ақыл» үйретіп жүр. Бірақ ақыл сататын коучтардың өзі расында ақылды ма, әлде бұл жай ғана табыс табудың жолы ма?

Коучтар «30 күнде бай болудың жолы», «Сәттіліктің құпиясы», «Миллион табудың формуласы» деп жарнама жасап, адамдардың назарын аударып, курс сатады. Бағасы да арзан емес. Коучингтер адамға мақсат қоюға, өзін дамытуға көмектеседі. Дамыған елдерде коучинг кәсіби сала ретінде қалыптасқан. Онда арнайы білім, сертификат және тәжірибе талап етіледі. Ал бізде бұл саланың нақты талаптары мен бақылауы әлі толық қалыптаспаған. Соның салдарынан өзін коуч деп таныстыратындардың арасында кәсіби мамандардан қарағанда тәжірибесі аз адамдар да кездеседі.



Көпшілік тез жетістікке жетіп, қысқа уақыт ішінде бай болуды армандайды. Осындай үміт пен сенім кейде коучтардың негізгі «құралына» айналып кетеді. Олар адамдардың психологиялық әлсіз тұстарын пайдаланып, мотивациялық сөздер арқылы сенім қалыптастырады. Нәтижесінде адамдар курстарға қатысып, уақыт

пен қаржысын жұмсайды. Кейбір коучтардың өздері айтқан жетістіктері де күмән тудырады. Олар өзін миллионер, кәсіпкер немесе табысты адам ретінде көрсетеді. Бірақ нақты қандай кәсіппен айналысатынын, қалай жетістікке жеткенін анық айтпайды. Қысқасы, коучинг – тәжірибеге емес, әдемі сөзге негізделген кәсіпке айналып бара жатқанын аңғару қиын емес.

Коучтың бәрі бірдей психология немесе педагогика саласында білім алмаған. Ал адамның психологиясына әсер ету – үлкен жауапкершілік. Дұрыс бағыт берілмесе, адамның өміріне кері әсер етуі де мүмкін. Сондықтан бұл саланың кәсіби деңгейде реттелуі маңызды. Біз барлық коучтың жұмысын жоққа шығарып, топырақ шашудан аулақпыз. Шынымен адамдарға пайдалы кеңес беріп, кәсіби түрде жұмыс істейтін мамандар да бар. Олар білім алып, тәжірибе жинақтап, адамдардың жеке дамуына көмектеседі. Мұндай мамандардың жұмысы қоғамға пайдалы екені сөзсіз.

Ақыл сататын коучтардың кез келген тренингіне немесе курсқа қатыспас бұрын оның мазмұны мен авторының тәжірибесін мұқият зерттеген жөн. Бұл мәселе қоғамда жиі талқыланып жүргендіктен оған қатысты депутат Асхат Аймағамбетов те өз пікірін білдірді. Ол әлеуметтік желідегі парақшасында жалған психологтар мен біліксіз коучтардың көбейгенін айтып, бұл саланы заң жүзінде реттеу қажеттігін жеткізді. Оның айтуынша, жаңа заң жобасы аясында психологтардың нақты реестрі жасалып, диплом талап етіліп, жауапкершілік күшейтіледі. Сондай-ақ, психолог пен психиатр мамандарының аражігі ажыратылып, кәсіби құпияны сақтау міндеті енгізіледі.

Ақыл сатып байып кетеміз деп жүріп өз-өзімізді жоғалтып алмайық. Ақыл сататын коучтар ақылды ма? Сіз қалай ойлайсыз, құрметті оқырман?

Айдана АМАНЖОЛҚЫЗЫ  
ЖУ студенті







# ТҰРАҚТЫ ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗ

**Заң мен тәртіпке бағыну – шектеу емес, қауіпсіздік пен еркіндіктің кепілі. Ал тәртіп – елдің ұйытқысы.**

Әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті мен азаматтық жауапкершілігі жоғары болған жағдайда ғана әділетті қоғам қалыптасады. Құқықтық сана мен мәдениет отбасынан басталады. Заңды құрметтеу, адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстану – әркімнің қасиетті борышы, парызы. Мемлекет пен қоғам бірлесі отырып құқықтық тәрбиені күшейткенде ғана құқықбұзушылық тыйылады.

Қазіргі таңда елімізде заңды күшейтуге бағытталған бағдарламалар жүзеге асырылуда. Бұл бастаманың барлығы азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға, тәртіп пен

заңға бағыну дәстүрін орнықтыруға бағытталған. Мемлекет тарапынан қабылданған реформалардың нәтижелі болуы үшін қоғамның әр мүшесінің белсенді қатысуы маңызды.

Президент басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Заң мен Тәртіп» қағидаты – Әділетті Қазақстан құрудың негізгі шарты. Бұл бағытта құқық қорғау органдарының ашықтығын арттыру, азаматтардың сенімін нығайту, профилактикалық шараларды күшейту маңызды рөл атқарады. Бірақ қоғамдағы тәртіп тек мемлекеттік құрылымдардың жұмысына ғана емес, әрбір адамның саналы ұстанымына да байланысты.

Тәртіп сақталған жерде тұрақтылық орнайды. Әрбір азамат заңды сақтауға, өз құқығын қорғаумен қатар өзгенің құқығын құрметтеуге міндетті. Цифрлық дәуірде де ақпараттық мәдениет пен жауапкершілік заң мен тәртіптің жана өлшемі болып отыр. Интернеттегі этика мен әдептілік те қоғам мәдениетінің айнасы саналады.

Заң мен тәртіпке құрмет – қоғамның өркениеттілік деңгейін айқындайтын басты көрсеткіш. Әр азамат өзінен бастап заңды сыйлап, тәртіпке бағынғанда ғана әділетті, тұрақты және қауіпсіз мемлекет қалыптасады.

**Асхат БАЛТАБАЕВ,**  
**жеке сот орындаушы**

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

# БІЛІМДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТ

**Басқұныш ауылдық Крылов атындағы орта мектепте бастауыш сынып мұғалімдерінің қатысуымен ұйымдастырылған облыстық семинар – ізденіс пен тәжірибенің, жаңашылдық пен жауапкершіліктің үйлескен көрінісіне айналды. Іс-шараның ұйытқысы болған мектеп директоры Мәлдір Қосиығұлова білім сапасын арттыруға бағытталған нақты қадамдарға жол ашты.**

«БЖМ–2025 нәтижелері бойынша жаратылыстану-ғылыми және оқу сауаттылығы бағытында қиындық туғызған мәселелерді талдау» атты семинарда білім беру жүйесінің өзегін қозғайтын, уақыт талабымен үндес тақырыптар көтерілді. Ұстаздар жасанды интеллект құралдарын сабақ үдерісіне батыл енгізіп, оқытудың жана мүмкіндіктерін көрсетті.

Семинар барысында бастауыш сынып мұғалімдері Бибігүл Нүсіпбекова, Ақтоты Алашбаева, Гүлзира Маджиева, Толғанай Садықова және Бибігүл Дөркембековалар заманауи платформаларды тиімді қолданып, тақырыпты оқушыға жақын әрі түсінікті етіп жеткізудің

жолын көрсетсе, тәжірибелік алаңда ұсынылған талдаулар семинардың мазмұнын тереңдетте түсті.

Әлия Чезимбаева БЖМ–2025 нәтижелеріне жан-жақты сараптама жасап, білім сапасын арттырудың нақты бағыттарын ұсынды. Гүлбану Кененбаева өткізген кейіс-сессия жасанды интеллекттің мұғалім үшін сенімді көмекші екенін дәлелдеді. Сондай-ақ, мектептегі мәдени-шығармашылық ортаны дамыту арқылы оқушылардың алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануға бағытталған жұмыстар да назардан тыс қалмады. Бұл бағыттағы іс-шаралар білім мен тәрбиенің өзара сабақтастығын айқын көрсетті.

Семинардың басты ерекшелігі – теория мен тәжірибенің үйлесім табуында. БЖМ–2025 нәтижелерін талдау мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін сабақ үдерісімен ұштастыру – бүгінгі білім берудің жана бағытын айқындайды. Ұсынылған тәжірибелер мен әдістер әр педагог үшін нақты жұмыс құралы бола алады.

Іс-шараға қатысқан білім саласының өкілдері семинар жұмысына жоғары баға беріп, оның тәжірибелік маңызын ерекше атап өтті. Ал қатысушы ұстаздардың жылы пікірлері бұл жиының өз мақсатына жеткенін көрсетті.

Жалпы бұл семинар – жаңашыл ұстаздардың ортақ ізденіс алаңы ғана емес, білім сапасын арттыруға бағытталған нақты әрекеттердің көрінісі. Жасанды интеллект пен мұғалім тәжірибесі тоғысқан тұста білім берудің жана көкжиегі айқындала түседі.

**Күлжан КАТАЕВА,**  
**Крылов атындағы орта мектептің математика пәні мұғалімі**  
*Басқұныш ауылы, Панфилов ауданы*

## ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Достық – Ақтоғай – Мойынты – Жарық – Жезказған – Сексеуіл – Қандыағаш-Ақтөбе – Илецк (Достық) – Мойынты теміржол учаскесінің екінші жолдарын салу) т/ж көлік дәлізін жаңғырту үшін пайдаланылатын Жетісу облысының Алақөл ауданында («№25-W», «№26-W», «№27-W») орналасқан 3 учаскеде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:

- 1.06.2026 ж., сағат 11.00-де, Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Бескөл а.о., Бескөл а., Достық к-сі, 4 мекенжайында.
- 1.06.2025 ж., сағат 15.00-де Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Жанана а.о., Жанана а.а., Ақбаев к-сі, 13 мекенжайында.
- 2.06.2026 ж., сағат 15.00-де Жетісу облысы, Алақөл ауданы, Жағатал а.о., Қазақстан а., І. Жансүгіров к-сі, 9 мекенжайында.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

**Онлайн конференцияға сілтеме:**  
<https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvwsKSQzTmmVRQh0TG.1>

**Конференция идентификаторы:**  
677 493 52 75

**Кіру коды:**  
Yz1mBb

**Белгіленген қызметтің бастамашысы:** «Integra Construction KZ» ЖШС, БСН 050840000334. Мекенжайы: Ақмола облысы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Діңмұхамед Қонаев көшесі, 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

**Әзірлеуші:** «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең к., Көшек батыр к-сі, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoynauy@mail.ru.

**Жергілікті атқарушы орган:** «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: +7 (7282) 32-93-83. Ресми интернет-ресурсы <https://ndbecology.gov.kz/> және электрондық мекенжайы [prigoda@zhetisu.gov.kz](mailto:prigoda@zhetisu.gov.kz) бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

## ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

Проводятся общественные слушания методом открытого собрания по «Рабочему проекту рекультивации земель, нарушенных при добыче общераспространенных полезных ископаемых на 3 участках («№25-W», «№26-W», «№27-W»), расположенных в Алакольском районе области Жетісу, используемых для модернизации ж/д транспортного коридора Достық – Ақтоғай – Мойынты – Жарық – Жезказған-Саксаульская – Қандыағаш – Ақтөбе – Илецк (строительство вторых путей участка Достық – Мойынты):»

- 1.06.2026 г., в 11.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Бескольский с.о., с. Бесколь, ул. Достык, 4.
- 1.06.2026 г., в 15.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Жанаминский с.о., с. Жанана, ул. Акбаев, 13.
- 2.06.2026 г., в 15.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Жагатайский с.о., с. Казахстан, ул. И.Жансугурова, 9.

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

**Ссылка на онлайн конференцию:**  
<https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvwsKSQzTmmVRQh0TG.1>

**Идентификатор конференции:** 677 493 52 75

**Код доступа:** Yz1mBb

**Инициатор назначаемой деятельности:** ТОО «Integra Construction KZ», БИН 050840000334. Адрес: Ақмолинская область, город Астана, район Есиль, улица Діңмұхамед Қонаев, 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

**Разработчик:** ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алматинская область, Қарасайский район, г. Қаскелең, ул. Кошек батыра, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoynauy@mail.ru.

**Местный исполнительный орган:** ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел.: +7 (7282) 32-93-83. Официальный интернет-ресурс <https://ndbecology.gov.kz/> и электронный адрес [prigoda@zhetisu.gov.kz](mailto:prigoda@zhetisu.gov.kz) по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

### ЭЛЕКТР ЭНЕГИЯСЫН ТҰТЫНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы №1102 қаулысымен бекітілген «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасын (әуе және кабельдік электр беру желілерін, трансформаторлық қосалқы стансыларды және басқа да энергетикалық жабдықтарды реконструкциялау) енгізуге байланысты «ТАЭТК» АҚ тарифтерінің артуына, «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА БК» АҚ-ның, «Т-Транзит» ЖШС-нің, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның магистральдық желісінің Алматы бөлімшесінің электр энергиясын беру және бөлу қызметтерінің тарифтерінің жоғарылауына, сондай-ақ «KEGOC» АҚ-ның электр энергиясын беру және электр қуатының дайындығын қолдау бойынша қызметтерінің тарифтерінің көтерілуіне орай, тұтынушылардың екінші, үшінші және төртінші топтары үшін ғана шекті тарифтер көтерілді.Тұтынушылардың бірінші тобына (жеке тұлғаларға) арналған тарифтер өзгеріссіз қалды. Жоғарыда баяндалған мән-жайларды ескере отырып және ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жетісу облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 24 сәуірдегі №31-03-12-01/267 хаты негізінде «ТАЭТК» АҚ-ның «Электр энергиясын жабдықтау және сату» филиалы **2026 жылғы 01 мамырдан бастап электр энергиясын бөлшек саудада өткізуге шекті бағаны көтеру туралы** Жетісу облысының тұтынушыларын хабардар етеді:

Тұтынушылар тобы мен тарифтер	Тұтынушылар санаттары	1 кВтсағ. ҚҚС-ті қоса есептегенде теңге
1-топ тұтынушылары	Электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндірумен (сатумен) және қызметтер көрсетумен байланысты емес өзінің тұрмыстық мұқтажы үшін пайдаланатын жеке тұлғалар (тұрмыстық тұтынушылар)	31,09*
T1 тарифі	Электр плиталарын пайдаланбайтын және пайдаланатын жеке тұлғалар үшін белгіленген шама шегінде (айына 1адамға 70/80 кВт. сағ дейін)	29,88*
T2 тарифі	Электр плиталарын пайдаланбайтын және пайдаланатын жеке тұлғалар үшін белгіленген шама шегінде (айына 1адамға 80-нен150 кВт.сағ дейін)	37,31*
T3 тарифі	Электр плиталарын пайдаланбайтын және пайдаланатын жеке тұлғалар үшін белгіленген шама шегінде (айына 1адамға 150 кВт. сағ. жоғары)	46,63*
2-топ тұтынушылары	Электр энергиясын тұрмыстық емес қажеттіліктерге пайдаланатын заңды тұлғалар (таутынушы),	49,9844
3-топ тұтынушылары	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар	90,8976
4-топ тұтынушылары	- электр энергиясын әлеуметтік маңызы бар азық-түлік (ЭМАТ) тауарларын өндіруге пайдаланатын заңды тұлғалар; - арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың аумағында орналасқан тұтынушылар; - Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасының ведомстволық қарасты ұйымдары және оның ведомстволары;	45,1240

\*Ескерту : жеке тұлғалар үшін тариф өзгеріссіз қалды.

«ТАЭТК» АҚ-ның «Электр қуатын жабдықтау және сату» филиалы

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Достық Темир Логистик» 23 апреля 2026 года в 11.00 часов по адресу: РК, г. Алматы, пр. Абылай хана, 92, 2-этаж, помещение 346, проведено публичное Слушание отчета о деятельности (с организацией онлайн трансляции через Zoom) за 2025 год по регулируемой услуге предоставления подъездного пути для проезда подвижного состава при условии отсутствия конкурентного подъездного пути перед потребителями и иными заинтересованными лицами.

Место предоставления регулируемой услуги: область Жетісу, Алакольский район, станция Достык.

Полная информация Товарищества по исполнению утвержденной тарифной сметы, утвержденной инвестиционной программы по регулируемой услуге за 2025 год опубликована на собственном интернет-ресурсе Товарищества <https://dtl.com.kz/>.

## УВЕДОМЛЕНИЕ для потребителей ТОО «КараталТранзит»

На основании Приказа Департамента Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по области Жетісу за №23-НҚ от 23 апреля 2026 года, ТОО «КараталТранзит» уведомляет потребителей электрической энергии о изменении уровня тарифа на период с 1 мая 2026 года по 31 декабря 2030 года на услуги передачи и распределения электрической энергии за 1 кВт/ч по годам.

		2026г.	2027г.	2028г.	2029г.	2030г.
Тариф (без НДС)	Тенге/кВтч	2,24 (с 01.05.2026)	2,60	2,48	2,54	2,15

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisy» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, “Алматы – Болашақ” АҚ филиалы “Офсет” баспаханасында басылады.  
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 435

«Жетісу Медиа» МКК басылмаларының жалпы таралымы — 6613, оның ішінде «Jetisy» газетінің осы шығарылымының таралымы — 4642. Индексі — 65469.

## ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:

ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшының міндетін атқарушы:

Марал ДАУТАЛИНОВА

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:

Жұматрай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетіндегі 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № КЗ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:

Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер:

Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Сарқан, Ақсу аудандары — 8 701 779 19 38.

Газет келмеген жағдайда осы нөмірлерге хабарласыңыздар — 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisy» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.



Нұрманбет ҚИЗАТҰЛЫ – 85

# ЖЕТИСУ ТАРИХЫН СӨЙЛЕТКЕН

**Б**ыл облыстық «Жетісу» газетінде 27 жыл еңбек еткен танымал фотожурналист, «Фототөнер» қайраткері Нұрманбет ҚИЗАТҰЛЫНЫң туғанына 85 жыл толып отыр. Зейнеткерлік демалысқа шықса да «суретті сөйлетуді» үнемі ойлап тұратын, шығармашылық идеяларын жастарға айтуға жалықпайтын данагөй қарттың қоржыны тарихи шежіреге толы.

Нұрманбет Қизатұлы 1941 жылдың 25 қаңтарында Алматы облысы, Жамбыл ауданында дүниеге келген. Еңбек жолы 1960 жылдары Жамбыл, Іле аудандық газеттерінде фототілші қызметінен басталып, кейінгі саналы ғұмыры облыстық «Жетісу» газетінде жалғасын тапты. Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті мен Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің баспасөз орталығында да жемісті еңбек етті. Мәселен, Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы 2021 жылы ағаның ұзақ жыл бойы түсірген еңбектерін топтастырып, «Жан шуақ» фотоальбомын шығарып берген. Фотожанақта тамылжыған Табиғат-Ана, тағдыры тағлымды адам ғұмыры, бүлдіршінің күлкісі, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің өмірінің бір сәті, өнер саңлағының ойлы болмысы, бәрі-бәрі ерекше ептілікпен, қағылез кірпияздықпен санада жаңғырды.

ҚР Мәдениет қайраткері Марат Тоқашбаев: «Өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының соңы. «Жетісу» газетінде қызмет етіп жүрген кезіміз. Бірде Қапшағай қаласынан қалайдау пакет келді. Ашып қарасақ өңкей өн-

дірістік суреттер. Бұл өзі газет үшін үнемі жетпей жататын дүние. Секретариатта бірге істейтін Рахымжан Өтегенов, Әскер Исақов, бәріміз қуанып кеттік. Әр фотоның артында желімделген тілдей қағазға еңбек адамның аты-жөні, жұмыс орны, сіңірген еңбегі баяндалған мәтіні тұр. Соңында «Суретті түсірген Н. Қизатов» деп авторы көрсетілген суреттер қандай! Ол кезде Қазақстанға танымал Рысқали Дүйсенғалиев, Бек Тілекметов, Қуандық Боқаев, Нұрғожа Жұбанов сияқты он шақты ғана фотожурналист болатын. Содан кейін секретариат сөресіндегі папкілердің қатарына енді сыртына «Н. Қизатов» деген жазуы бар папкі қосылды. Өзі

де редакцияға жиі келіп тұратын болды. Араға бірнеше жыл салып «Жетісу» газетінің құрамына қабылданды. Нұркең өзінің кәсібилігімен, газет талабын мүлтіксіз орындайтын іскерлігімен әйгілі фототөнерлер қатарына тез-ақ қосылды», – деп жазады жазбасында.

Фототілші жарты ғасырға жуық еңбегінде туған өлкесін зерттеп, оның болмысын терең сезініп, фототуындылары арқылы ел рухын айшықтады. Ол ұлт тұлғаларын дәріптеп, рухани мұраны байытқан, мансаптан гөрі халық мүддесін жоғары қойған азамат. Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, 2015 жылы патриоттық фотосуреттері үшін Бауыржан Момышұлы атындағы төсбелгімен марапатталған. Оның әрбір туындысы – дәуір мен халық рухын бейнелейтін тірі шежіре.

Нұрманбет Қизатұлы қазақ фотожурналистикасының дамуы жолында аянбай еңбек етіп келеді. Сондықтан 2016 жылы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Фототөнер» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Асылхан Әбдірайымұлы ағамызды «Фототөнер қайраткері» медалімен марапаттады.

Ізденіс пен жауапты шығармашылық жолы – тек фотожурналистиканың дамуына қосылған үлес қана емес, сонымен қатар, Жетісу өңірінің тарихын көзбен көріп, келешек ұрпаққа жеткізудің айрықша үлгісі. Оның объективті арқылы қатталған әрбір сәт – уақыттың үнсіз шежіресі, өңірдің мәдениеті мен тыныс-тіршілігінің айқын айғағы. Фотографияның күдіреті де осында. Ол сөзбен айтып жеткізу қиын шындықты бір сәтте-ақ бейнелей алады.

Ардагер фототілшінің еңбегі Жетісудың тарихи жадын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Оның туындылары тек көркем дүние емес, деректік құндылығы жоғары мұра ретінде бағаланады. Бүгінгі күннің бейнесін дәл түсіріп, ертеңгі тарихқа айналдыру – фотографияның өзектілігін айқындайтын басты фактор. Осы тұрғыдан алғанда оның шығармашылығы уақыт пен кеңістікті жалғап жатқан алтын көпір іспетті.

**Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ,**  
эл-Фараби атындағы ҚазҰУ Философия және саясаттану факультетінің доцент міндетін атқарушы, Философия докторы (PhD)

Алматы қаласы

АЙБЫН

## Жас сарбаздар сайысы

Атамекен, туған жер, Отан ұғымы әрдайым қастерлі де қасиетті. Ал оны дәріптеуге келгенде аянып қалмаған абзал. Бұл қасиетті ұғымдардың өзегінде елдік һәм ұлттық мүдде жатыр. Ұрпақты шыбық деп алар болсақ, елге пана мен сая болар орманның нулы әрі жайлы болуы үшін оның тәрбиесі сол орманның қалың болмағының кепілі. Ал жас ұрпақты отаншылдыққа, туған жері мен елін сүйуге тәрбиелеу аға буынның басты міндеті.

Дастанбек САДЫҚ

Тек аға буын емес, тұтас қоғамның, оның ішінде қоғамдық институттардың да борышы екенін ұмытпауымыз керек. Жастар мен жасөспірімдер арасында отаншылдық тәрбиесінің дәнегін егуде «Айбын – 2026» әскери-патриоттық жастар жиынының өз салмағы бар. Биыл аталмыш шара ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығына орай 54 380 әскери бөлімінде салтанатты жағдайда өтті. Екі күнге созылған шарада 10 топ өзара мықтыны анықтады. Патриоттық шараны ұйымдастырушылар қатарында облыстық білім басқармасы, облыстық қорғаныс істер департаменті бар. Жиының ашылуында облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Айбол Қасенов жарысқа қатысушы жастарға сәттілік тіледі. Айтуынша, болашақтың іргесін берік ету үшін жастар алымды да қарымды болуы тиіс.

– Ұрпақ білімді және қабілетті болса, болашақ жсарқын. Болашақ бүгінгі жастардың қолында. Бүгінгі жас – ертеңгі елдің тірегі, келешектің келісті келбеті. Сондықтан бәсе-

кеге төтеп беретін білімді, алғыр, бастамашыл жастардың көп болуы ертеңіміздің берекелі, озықтығын дәлелдейді. Қазақстанның болашағы ұлтжанды адами құндылықтарды бойына жисан, қиындықтан шығар жол таба білетін, бәсекелестікке қабілетті, ары таза, иманжүзді, елі мен жерін сүйетін, атқарған істеріне ел сүйнетін жастардан құралуы тиіс. «Айбын» әскери-патриоттық жастар жиынының мақсаты – дені сау, отансүйгіш жастарды тәрбиелеу, – дейді Айбол Қасенов.

Облыстық қорғаныс істер департаменті басшысының тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары Рүстем Рақымбаевтың айтуынша, ұрпақ бойына патриотизм дәнегін егу арқылы болашақ қауіпсіздігі қалыптасады.

– Отан алдындағы қасиетті борышты өтеу ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын міндет, зор мақтаныш болуы тиіс. Соны жас ұрпақтың бойына қазірден сіңіре бергеніміз абзал. «Айбын» жиыны осы міндетті жүзілі жүзеге асырып келеді. Жарыс негізінде жасөспірімдер қару-жарақпен, топпен жұмыс істеуге машиқтанады. Бауыржан Момышұлы «Тәртіпке бас иген құл болмайды» дегендей, әскери тәртіптің дәмін татады. «Айбын» әскери-патриоттық жастар

жиынына қатысушылар 8 түрлі бөлім бойынша сайысып, үздік топ анықталып, жеңімпаздар



Суреттерді түсірген Еламан САЙЛАУОВ